

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1363

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

VI "Шығындар" деген бөлімде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" деген функционалдық топта:

1 "Құқық қорғау қызметі" деген ішкі функцияда:

201 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген әкімші бойынша:

050 "Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды, нөмір белгілерін жасау" деген бағдарламада:

030 "Мемлекеттік тіркеу нөмірлері белгілерін дайындау" деген кіші бағдарламадағы "644700" деген сан "718200" деген санмен ауыстырылсын;

032 "Жүргізу куәліктерін дайындау" деген кіші бағдарламадағы "367461" деген сан "293961" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі